

«Каспий» тауар биржасы» АҚ
Президенті бұйрығымен бекітілген
2019 жылғы 16 қыркүйек № 275-П
бұйрығы
/қолы/ Танаев Э.М.

Мөр: Caspy Commodity Exchange CCX, ЖСН 161040025831* «Каспий» тауар
биржасы» Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы

**«Каспий» тауар биржасы» АҚ клирингтік орталығының аппараттық-
бағдарламалық кешеніне қойылатын осы талаптар**

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» тауар биржасы» АҚ клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын осы талаптар		
		1-нұсқа	Парағы 2/ 5

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Каспий» тауар биржасы» АҚ клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын осы талаптар (бұдан әрі – Талаптар) биржалық мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру Қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығымен бекітілген тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.
2. Осы Талаптарда қолданылатын негізгі ұғымдар:
 - 1) аппараттық-бағдарламалық кешен (бұдан әрі – АБК) – белгілі бір типтегі міндеттерді шешу үшін бірлесіп қолданылатын бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық құралдардың жиынтығы.

2-тарау. Талаптар

1. Клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешені жұмыс станцияларынан (компьютерлік база), серверлік аппараттық қамтамасыз етуден, бағдарламалық қамтамасыз етуден тұруы және мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиіс:
 - 1) ақпаратты сенімді сақтау, рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау, деректер базасының тұтастығын сақтау және электрондық мұрағаттар мен деректер базаларындағы ақпараттың толық сақталуын қамтамасыз ету:
 - бағдарламалық қамтамасыз етудің кез келген бөлігінде кез келген уақытта электрмен жабдықтаудың толық немесе ішінара өшіп қалуы жағдайында;
 - желілердің, телекоммуникацияның аварияға ұшырауы, орнатылған физикалық және виртуалды қосылымдардың деректер алмасу операциясын орындаудың кез келген кезеңінде үзілуі жағдайында;
 - бағдарламалық қамтамасыз ету ақпаратына рұқсатсыз қол жеткізу әрекеті кезінде;
 - 2) бағдарламалық қамтамасыз етуде іске асырылған кіріс деректеріне, функцияларына, операцияларына, есептеріне көпдеңгейлі қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бағдарламалық қамтамасыз ету кемінде екі негізгі «әкімші» және «пайдаланушы» қолжетімділік деңгейін қарастыруы тиіс;
 - 3) енгізілетін деректердің толықтығын бақылау (барлық өрістер толтырылмаған жағдайда функциялар немесе операциялар орындалғанда бағдарлама тиісті хабарлама беруі тиіс);
 - 4) жеке сұрау және кез келген критерийлер бойынша ақпаратты іздеу, сондай-ақ кез келген параметрлер бойынша ақпаратты сұрыптау және өткен күндер бойынша ақпаратты қарау мүмкіндігі;
 - 5) күндер бойынша ақпаратты қысқартусыз өңдеу және сақтау.

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» тауар биржасы» АҚ клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын осы талаптар		
		1-нұсқа	Парағы 3/ 5

6) нормативтік құқықтық актілерде белгіленген есеп беру нысандарын, сондай-ақ хабарламаларды, анықтамаларды, жеке шоттан үзінді көшірмелерді, жүргізілген операциялар туралы есептерді және ақпараттық операцияларды жүзеге асырғанын растайтын құжаттарды автоматтандырылған түрде қалыптастыру;

7) архивтеу (деректерді архивтен қалпына келтіру) мүмкіндігі;

8) шығыс құжаттарын экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігі;

9) электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігі;

10) бағдарламалық қамтамасыз етудегі ақаулар кезінде де жұмыстың үздіксіз және тоқтаусыз орындалуы;

11) клирингтік ұйым клирингтік қызмет көрсететін мәмілелер бойынша ақпаратты автоматтандырылған түрде жинау, өңдеу және сақтау, оны салыстыру және түзету;

12) тауар биржасындағы сауда жүйесінде жасалған және клирингтік қызметке қабылданған барлық мәмілелердің параметрлерін есепке алу;

13) тауар биржасының мүшелері үшін клирингтік қызмет нәтижелері бойынша есепті қалыптастыру;

14) тауар биржасының сауда жүйесімен интеграциялау арқылы мынадай операцияларды автоматты түрде орындау:

тауар биржасы мүшесінің қаражатын бөлек есепке алу;

мәмілелер нәтижесі бойынша тауар биржасы мүшесінің қаражатын бұғаттау және оларды орындау нәтижесінде бұғаттаудан шығару;

тауар биржасы мүшелерінің саудаға жіберілуі;

15) тауар биржасы мүшесінің өзгертілген деректерінің сақталуын қамтамасыз ету және тіркелген тұлғаны бұрынғы деректер бойынша іздеу;

16) клирингтік есепке алу тізілімінде жүргізілген барлық операциялар бойынша бүкіл кезеңдегі ақпараттың сақталуы;

17) клиенттерге, есеп айырысу ұйымдарына, тауар биржасына және уәкілетті органға ақпаратты электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, қорғалған байланыс арналары арқылы беру;

18) клирингтік есепке алу тізілімінде ашылған шот бойынша операциялар жасауға бұйрық беруге уәкілетті тұлғадан құжатты алу фактісін сәйкестендіру;

19) клирингтік есепке алу тізілімдері бойынша операцияларды тек уәкілетті тұлғалардың бұйрықтарының негізінде жүргізу;

20) бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмыс істеу процесінде еркін нысанда аудит журналын жүргізу.

2. Клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешенінің ақпараттық қауіпсіздігі деректер базасының және жүйелік транзакциялар журналдарының резервтік көшірмесін қосымша серверде күнделікті автоматты түрде сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Клирингтік орталықтың ақпараттық қауіпсіздігі «әкімші» және

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» тауар биржасы» АҚ клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын осы талаптар		
		1-нұсқа	Парағы 4/ 5

«пайдаланушы» атты негізгі қол жеткізу деңгейлерімен қамтамасыз етіледі:

1) «әкімші» қол жеткізу деңгейі мынадай функцияларды қамтиды:

пайдаланушылар топтарын айқындау, оларды атқаратын функцияларына қарай санаттарға бөлу және ақпаратқа қол жеткізу деңгейлерін белгілеу, құпия сөздерді өзгерту;

пайдаланушылардың деректерге және бағдарламалық қамтамасыз ету функцияларына қол жеткізуін бұғаттау;

бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмыс істеу параметрлерін баптау;

бағдарламалық қамтамасыз ету деректер базасына қосылған пайдаланушыларды қарау;

операциялық күнді ашу (жабу);

қажет болған жағдайда пайдаланушыларды бағдарламалық қамтамасыз ету деректер базасынан ажырату;

жұмыс күнін өзгерту;

ұзақ мерзімді сақтау үшін алынбалы деректер тасымалдаушыларға мұрағаттық және резервтік көшірмелер жасау.

2) қол жеткізу деңгейі «пайдаланушы» мынадай функцияларды қамтиды:

бағдарламалық қамтамасыз ету деректер базасындағы анықтамалық ақпаратты мерзімді түрде жаңарту;

бағдарламалық қамтамасыз етуге деректер енгізу;

бағдарламалық қамтамасыз етуде клиенттердің қаражаты бойынша белгілі бір операцияларды жүргізу;

есептік (шығыс) нысандарды қалыптастыру; қажетті ақпаратты сақтау;

есептер мен шығыс құжаттарды басып шығару.

4. Бағдарламалық қамтамасыз етудің әрбір пайдаланушысы жеке құпия сөз арқылы кіреді. «Әкімші» деңгейі үшін құпия сөздерді өзгерту мүмкіндігі көзделеді. Кіріс деректерге, функцияларға, операцияларға, есептерге қол жеткізу тиісті құпия сөзді енгізу арқылы қамтамасыз етіледі, ол кемінде отыз күнтізбелік күнде бір рет өзгертіледі.

5. Бағдарламалық қамтамасыз етуде (қол жеткізу деңгейіне қарамастан) мынадайға жол берілмейді:

1) белгіленген орындау тәртібін бұза отырып, белгілі бір функциялар мен операцияларды орындауға мүмкіндік беретін құралдардың болуына;

2) дайындалған шығыс құжаттарының деректеріне тікелей өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін функциялардың болуына;

3) арнайы осы мақсатқа арналған операциялардан (функциялардан) басқа, жүргізілген операциялар мен клирингтік есепке алу тізілімдерінің жай-күйі туралы деректерді өзгертуге (жоюға).

6. Клирингтік орталықтың бағдарламалық қамтамасыз етуі операцияларды орындау кезінде мынадай жағдайлар туындағаны туралы хабарлайды:

 CASPY COMMODITY EXCHANGE	«Каспий» тауар биржасы» АҚ клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын осы талаптар		
		1-нұсқа	Парағы 5/ 5

- 1) клирингтік есепке алу тізілімінен есептен шығарылуға жататын қаражат сомасы онда бар қаражат мөлшерінен асып кетсе;
- 2) мәмілелерді орындау мерзімдері бұзылғанда;
- 3) қаражат есептен шығарылатын клирингтік есепке алу тізілімі бұғатталған болса.

7. Тауар биржасының мүшесі – клирингтік орталықтың аппараттық–бағдарламалық кешенін пайдаланушы мына талаптарды орындайды:

- 1) пайдаланушының жұмыс орнында антивирустық дерекқорын тұрақты түрде жаңартатын антивирустық бағдарламалық қамтамасыз ету және операциялық жүйенің жүйелік жаңартуларын автоматты түрде жүктеу функциясы орнатылады;
- 2) операцияларды жүргізуге пайдаланылатын пайдаланушының дербес компьютеріне электрондық құжаттарды дайындау, өңдеу, беру немесе жүргізу міндеттерін шешуге арналмаған бағдарламалық құралдарды орнатуға жол берілмейді;
- 3) бағдарламалық ортаға кіру кезінде пайдаланушыны сәйкестендіретін бір жүйелік пайдаланушы атына бір нақты тұлға сәйкес келеді.

8. Аппараттық–бағдарламалық кешеннің үздіксіз және тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін клирингтік орталық кемінде екі үзіліссіз электрмен жабдықтау көзін көздейді, оның бірі негізгі ретінде, ал қалғаны – резервтік ретінде пайдаланылады, не бір ғана үзіліссіз электрмен жабдықтау көзі және дереу іске қосуға дайын резервтік генератор қарастырылады.

9. Клирингтік орталықтың серверлік аппараттық қамтамасыз етуі негізгі жабдық зақымдалған, жойылған немесе оны пайдалану мүмкін болмаған жағдайда дереу іске қосуға дайын резервтік жабдықты қамтиды. Сонымен қатар, серверлік жабдық орналасқан үй-жай қол жеткізуді бақылау жүйесімен жабдыкталады.